

## Аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 15 қазанда N 239 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті 2007 жылғы 19 қазанда N 1655 тіркелді. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 наурыздағы N 62 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.03.2014 N 62 Қаулысымен**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27-бабы 1-тармағы 17) тармақшасына, "Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы N 474-1 Заңы 4-бабы 3-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - СҚО әкімдігінің 2009.06.26 N 171 Қаулысымен**

1. Жан басына шаққанда орташа айлық табысы облыста белгіленген кедейлік шегінен төмен аз қамтамасыз етілген азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бір проценті мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - СҚО әкімдігінің 2007.12.12 N 290 Қаулысымен**

2. Әлеуметтік көмек осы мақсаттарға бөлінген қаражаттандыру шегінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен ай сайын ақшалай нысанда көрсетіледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - СҚО әкімдігінің 2009.06.26 N 171 Қаулысымен**

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдері:  
аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуге қаржы бөлуді  
к ө з д е с і н ;

аз қамтамасыз етілген азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындауды және ай сайын төлеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - СҚО әкімдігінің 2007.12.12 N 290 Қаулысымен**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
Ж. А. С м а и л о в қ а жүктелсін.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - СҚО әкімдігінің 2009.06.26 N 171 Қаулысымен**

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК